



Автор: Жаркеева Айдана Берікқызы

Пән: Химия

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Металдар және олардың қосылыстары

Тақырып: Металдардың жалпы сипаттамасы, қасиеттері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Металдардың химиялық қасиеттерінің жалпы сипаттамасын түсіндіру
Құндылықтарды дарыту:	бірін-бірі құрметтеуге тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	ғаламтор материалдарын қолдану
Пәнаралық байланыс:	физика: заряд, электрон, ион, анион, катион
Бастапқы білім:	Периодтық жүйе. Металл белсенділігі. Металдардың оттегі, су, қышқылдар мен тұздармен өзара әрекеттесуі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу Белсендіру. Атомдар және молекулалар. Оқушыларды топтарға бөлу	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Сабақты өзектендіру Сабақтың басында үй тапсырмасын тексеру керек. Миға шабуыл 1) Металдар дегеніміз не? 2) Олар қандай жалпы құрылымға ие? 3) Металдарға кристалдық торы мен химиялық байланыс арасында қандай тәуелділік бар? Жай зат-бейметалдармен әрекеттесу: 1. Металдар оттеппен әрекеттесіп, оксидтер түзеді: Мысалы, $2\text{Mg} + \text{O}_2 = 2\text{MgO}$ Күміс, алтын және платина оттеппен әрекеттеспейді. 2. Металдар галогендермен (фтор, хлор, бром және иод), әрекеттесіп галогенидтер түзеді. Мысалы, натрий хлормен әрекеттесіп, натрий хлоридін түзеді: $2\text{Na} + \text{Cl}_2 = 2\text{NaCl}$ Бейнежазбадағы тәжірибе бойынша сұрақтарға жауап беру: 1. Металдардың жіктелуі 2. Сілтілік және сілтілік жер металдар айырмашылығы қандай? Өзіндік жұмыс 1) Мына металдардың қайсысы сұйытылған күкірт қышқылымен әрекеттеседі: Ca, Hg, Sn, Pb мүмкін болатын реакция теңдеулерін жазыңдар. 2) Күміс нитратына мына металдардан жасалған бұйымның беті күмістенеді? Fe, Sn, Au реакция теңдеулерін жазыңдар. Жаңа матиралды бекіту: 1. Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесінің қай бөлігінде металдар орналасқан? 2. Металл атомдарының бейметалл атомдарының құрылымдарынан қандай айырмашылықтар бар? 3. Металдардың жалпы физикалық қасиеттерін сипаттаңдар? 4. Металдардың физикалық қасиеттерінің ортақ болу себебі неде?	https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/9-synyp/metaldar?mid=ecebf6d0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/9-synyp/metaldar?mid=ecebf6d7-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe
Сабақтың соңы	21тақырып 7-9жаттығулар	
Рефлексия	Бүгін мен білдім... Қиын болды... Мен білдім... Мен түсіндім, бұл	